

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-
ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛАҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

**педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы**

**«СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА
ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ МЕН
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту
орталықтарының және де басқа білім беру ұйымдарының логопедтеріне үшін

АЛМАТЫ 2026

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарламаның тақырыбы.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру	13
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	14
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау	14
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу	15
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	16

1. Жалпы ережелер

1. Логопедтердің біліктілігін арттыру курстарының «Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің заманауи әдістері мен технологиялары» атты білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (бұдан әрі – ППТК), оңалту орталықтарының (бұдан әрі – ОО) және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының логопедтерін оқытуды регламенттейді.

2. ППТК мен ОО, арнайы және жалпы білім беретін мектепке дейінгі білім беру ұйымдары логопедтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының өзектілігі сөйлеу тілінде бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсету сапасын арттыру қажеттілігінен туындап отыр. Халықаралық ғылыми-педагогикалық қоғамдастығында мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке бейімдеу мен әлеуметтік оңалтудың негізгі шарты ретінде сөйлеу коммуникациясын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді (Саламанка декларациясы және Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім берудегі іс-қимыл шеңбері; 1994 ж.).

Қазақстан Республикасында «Білім туралы» Заңға және «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартына» (2025 ж.) сәйкес, арнайы және жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдарда, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде және оңалту орталықтарында мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі. Стандартқа сәйкес, оқу мен әлеуметтенуде табысқа жету үшін сөйлеуді, ойлауды және қарым-қатынасты дамытудағы қиындықтарды жеңу мақсатында арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі принциптерінің бірі - ойлауды, сөйлеуді және қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

ППТК, ОО және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары логопедтерінің кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін талдау нәтижесі көрсеткендей, көптеген мамандар сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балалармен де, сондай-ақ сөйлеу тілінде ауытқулары бар басқа санаттағы балалармен (интеллектісі бұзылған, аутизм спектрі бұзылған, күрделі және көптеген бұзылыстары бар балалар) жұмыс істеуде заманауи әдістер мен технологияларды қолдануда қиындықтарға тап болады. Әзірленген білім беру бағдарламасы сөйлеу тілінің түрлі бұзылыстары бар балаларға көмек көрсетудегі логопедтердің кәсіби жұмыс сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

3. Білім беру бағдарламасы ППТК мен ОО, арнайы және жалпы білім беретін (инклюзивті) мектепке дейінгі ұйымдар логопедтерінің сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің заманауи тәсілдері мен технологияларын зерделеу және қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Инклюзивті білім беру (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	тиісті деңгейдегі білім және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар адамдар (балалар).
Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңы)	туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардың немесе белгіленген тәртіппен расталған жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).
Ерекше білім беру қажеттіліктері (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	онсыз сапалы білім алу мүмкін емес оқу-дамыту процесіндегі көмек пен қызметтерге деген қажеттілік.
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	білім алу үшін қажетті арнайы шарттарды анықтау.
Білім алу үшін арнайы жағдайлар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушылық және түзету-дамытушылық бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын, оларсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын жағдайлар.

<p>Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты» туралы бұйрығы)</p>	<p>қызметтің қайсыбір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе олардың орнын толтыруға (компенсациялауға) бағытталған қызметтер мен іс-шаралар кешені.</p>
<p>Командалық бағалау – (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты» туралы бұйрығы)</p>	<p>арнайы білім беру қажеттіліктерін анықтау, түзету-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттары және мұғалімдер тобының арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауының тиімді әдістерін таңдау.</p>
<p>Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалар</p>	<p>сөйлеу тілінің белгілі бір аспектілерінің: фонетикалық-фонематикалық, лексика-грамматикалық, фразалық және байланыстырып сөйлеудің жеткілікті қалыптаспауынан көрінетін, шығу тегі әртүрлі сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар.</p>
<p>Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларды түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасы</p>	<p>сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларды тиімді түзете-дамыта оқыту үшін әзірленген психологиялық-педагогикалық технологияның принциптері, әдістері мен әдістемелерінің жүйесі.</p>

Терминдердің өзектілігі мен бірмағыналылығы олардың Қазақстан Республикасының арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарындағы соңғы өзгерістерге, заманауи логопедия, арнайы педагогика мен психологияның ғылыми-терминологиялық анықтамаларына сәйкестігімен негізделген.

3. Бағдарламаның тақырыптары

4. Логопедтердің біліктілігін арттыру курстарының «Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің заманауи әдістері мен технологиялары» атты білім беру бағдарламасының жаңалығы мен

өзектілігі логопедтердің өз кәсіби қызметінің мазмұнын нормативтік-құқықтық құжаттардағы соңғы өзгерістер (2024-2025 жж.) аясында, білім берудің әлеуметтік-педагогикалық моделі негізінде зерделейтіндігімен айқындалады.

Біліктілікті арттыру курсының жаңалығы — мұнда алғаш рет тек алғашқы сөйлеу бұзылыстары бар балаларға ғана емес, сонымен қатар сөйлеу тілі дамуында ауытқулары бар басқа санаттағы балаларға: интеллектісі бұзылған, аутистік спектрі бұзылған, күрделі және көптеген бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсету мәселелері қарастырылады. Білім беру мекемелеріндегі логопедтер алғаш рет логопедиялық ғылым мен тәжірибедегі соңғы жетістіктер, сөйлеу дамуының әртүрлі бұзылыстарын диагностикалау және түзету әдістері мен технологиялары туралы жаңа білім алуға.

Бағдарламада алғаш рет тыңдаушылардың нейробұлшықеттік артикуляциялық аппараты бұзылған балалардағы ең ауыр сөйлеу бұзылыстарын еңсеру, АСБ бар балалардың сөйлеу коммуникациясын қалыптастыру, сондай-ақ ақыл-ой кемістігі бар балалардың лексика-грамматикалық және семантикалық сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша практикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Курстың практикалық маңыздылығы оқытудың заманауи интерактивті нысандары мен әдістерін қолданумен анықталады: кейс-әдісі — бейнежазбадағы түзете-дамыту сабақтарына талдау жасау, әртүрлі сөйлеу бұзылыстарына арналған логопедиялық жұмыстың алгоритмдерін әзірлеу; шағын топтардағы практикалық жұмыс, кейін топтық жұмыстың презентациясы; логопедтердің командалық жұмыс тренингі.

5. Бағдарлама келесі 12 тақырыпты қамтиды.

1-тақырып. Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК) және Оңалту орталықтары (ОО), мектепке дейінгі арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар топтары. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің түрлері. Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктерін (бұдан әрі – ЕБҚ) бағалау.

3-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың және басқа да бұзылыстары (интеллект, АСБ) бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар топтары.

4-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы. Арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мақсаты, міндеттері, принциптері және методологиялық негіздері.

5-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының диагностикалық-танысу кезеңі. Түзете-дамыту оқыту кезеңін анықтау.

6-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бастапқы кезеңі. Бастапқы кезеңдегі сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдері.

7-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бірінші кезеңі. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдері.

8-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының екінші кезеңі. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдері.

9-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының үшінші кезеңі. Үшінші кезеңдегі сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдері.

10-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының төртінші кезеңі. Төртінші кезеңдегі сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдері.

11-тақырып. Сөйлеу тілін түзетудің заманауи инновациялық әдістері мен технологиялары.

12-тақырып. Аутизм, ауыр және көптеген бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсету.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты — психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жағдайында сөйлеу тілі бұзылған балаларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету бойынша логопедтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларда мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және оларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша кәсіби қызметті ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдары мен заңға тәуелді актілерінің нормаларын қолдану біліктілігін қалыптастыру;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың топтарымен және білім беру қажеттіліктерінің түрлерімен, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаумен және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында сөйлеу тілі бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырумен таныстыру;

3) ерте және мектепке дейінгі сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың психологиялық-сөйлеу даму ерекшеліктерін ашу;

4) сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларды логопедиялық тексеру, олардың сөйлеу дамуын бағалау және жеке дамыту бағдарламаларын құру дағдыларын қалыптастыру;

5) тыңдаушыларды сөйлеу тілінің бұзылысы бар ерте және мектепке дейінгі балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнымен, сөйлеу бұзылыстарын түзетудің заманауи әдістерімен және

технологияларымен таныстыру;

б) түзете-дамыта оқыту бағдарламасының барлық кезеңдерінде сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен логопедиялық жұмыс жүргізу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

7) аутизм, ауыр және көптеген бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсету біліктіліктері мен дағдыларын дамыту.

8. Оқудың күтілетін нәтижелері. Тыңдаушылар:

1) ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде өз қызметін ұйымдастыру тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме бере алады;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар топтары мен білім беру қажеттіліктерінің түрлерін ажыратады, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ЕБҚ бағалау мен мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мазмұны мен алгоритмін біледі;

3) ерте және мектепке дейінгі сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктерін біледі;

4) логопедиялық тексеру, сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалардың сөйлеу дамуын бағалау дағдыларын меңгереді, жеке дамыту бағдарламаларын құра біледі;

5) сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнын, сөйлеу бұзылыстарын түзетудің заманауи әдістері мен технологияларын біледі;

б) сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларды түзете-дамыта оқыту бағдарламасының барлық кезеңдерінде логопедиялық жұмыс жүргізудің кәсіби дағдыларын меңгереді;

7) аутизм, ауыр және көптеген бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсету дағдыларын меңгереді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативті.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1-тақырып: Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түрде түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясы, 2006; ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»; «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (Оқу-ағарту министрлігінің): Жалпы білім беретін, арнайы ұйымдардың, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің және оңалту орталықтарының қызметінің үлгілік қағидалары (№385 бұйрық, 2025 жылғы №59 бұйрықтың редакциясында); «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін ұсыну қағидалары (№223 бұйрық, 2025 жылғы №33 редакциясында); ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары (2025 жылғы №104 бұйрықтың редакциясында); мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандарты (Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 21 мамырдағы №117 бұйрығы).

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар топтарының сипаттамасы.

Бірінші топ: даму мүмкіндіктері шектеулі балалар: есту, көру, интеллект, сөйлеу тілі, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген, эмоционалды-ерік-жігер бұзылыстары және күрделі бұзылыстары бар балалар; жекелеген психикалық функциялардың бұзылуынан туындаған оқуда қиындықтары бар балалар; мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары бар (гиперактивтілік және зейін тапшылығы синдромы, аутистік спектрінің бұзылыстары) балалар. Балалардың екінші тобы: ерекше білім беру қажеттіліктері қолайсыз әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени факторларға байланысты туындаған балалар: микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған, халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалар; жергілікті әлеуметтік ортаға бейімделуде қиындықтарға тап болғандар (босқындар, мигранттар, қандастар); мүгедектігі бар балалар.

3-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Сөйлеу алғышарттарының даму ерекшеліктері: есту-сөйлеу және көру арқылы қабылдау, кинестетикалық және динамикалық праксис, есту-сөйлеу жады және т.б. Сөйлеу тілінің құрылымдық компоненттерінің қалыптасу ерекшеліктері: дыбыстардың айтылуы, буындық құрылым, фонематикалық түсініктер, лексикалық қор мен грамматикалық құрылым, фразалық және байланыстырып сөйлеу. Сөйлеу тілі бұзылған балалар топтары: экспрессивті сөйлеудің алғашқы бұзылыстары бар (сөйлеу тілінің дамымау деңгейлері); импрессивті сөйлеудің алғашқы бұзылыстары бар (сөйлеу тілінің дамымау деңгейлері). Экспрессивті және импрессивті сөйлеудің алғашқы бұзылыстары бар балалардың сөйлеу дамуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар.

12-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара іс-қимылы бұзылған (аутизм), тірек-қимыл аппараты, көру және есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық және сөйлеу даму ерекшеліктері.

12. Мазмұндық модуль:

4-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы. Арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мақсаты, міндеттері, принциптері және методологиялық негіздері.

Жалпы және арнайы мектепке дейінгі педагогика (логопедия) принциптері; сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ерте және мектепке дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескеретін дамыту жұмысының принциптері. Заманауи принциптер: сөздік негіздегі коммуникация қажеттілігін қалыптастыру, қарым-қатынастың вербалды құралдарын іс-әрекеттің түрлі нысандары мен күнделікті өмірде қолдану үшін сөйлеу қарым-қатынасын басымдылықпен дамыту; сөйлеу бұзылысының этиологиясы мен қалыптасу механизмдерін ескеру; ана тілін меңгерудің негізгі заңдылықтарын білуді көздейтін онтогенетикалық принцип; ауыр сөйлеу бұзылыстары кезінде сөйлеуді қалыптастыруға бағытталған кешенді тәсіл; баланың жалпы дамуына бағытталған дамыту жұмысының тұтастық принципі.

13. Технологиялық модуль:

5-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының диагностикалық-танысу кезеңі. Түзете-дамыту оқыту кезеңін анықтау.

Диагностикалық-танысу жұмысының мақсаттары мен міндеттері. Сөйлеу дамуын диагностикалау (логопедиялық тексеру) кезеңдері: 1) сөйлеуді түсіну: мүлдем түсінбеу; нақты жағдайдағы және/немесе қимыл-қозғалыс, мимика, интонациямен нығайтылған жекелеген сөздер мен фразаларды түсіну; жекелеген сөздер мен қысқа фразаларды түсіну; әртүрлі сөздерді: заттарды, іс-әрекеттерді, белгілерді түсіну; грамматикалық формалар мен фразаларды түсіну; фразалық және байланыстырып сөйлеуді түсіну; 2) өзінің сөйлеу тілі: артикуляциялық аппараттың құрылымы мен қозғалғыштығы; дыбыстардың айтылуы және сөздердің буындық құрылымы; сөздерді фонематикалық ажырату, дыбыстық талдау және жинақтау; сөздік қор; грамматикалық құрылым; фразалық және байланыстырып сөйлеу; сөйлеу коммуникациясы. Баланың сөйлеу даму деңгейін жалпы бағалау; оның сөйлеу жасын анықтау. Түзете-дамыту жұмысының кезеңін, оның негізгі бағыттарын, әдістері мен тәсілдерін анықтау, жеке дамыту бағдарламасын құру.

6-тақырып. Сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бастапқы кезеңі. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері. Осы кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Бастапқы кезеңде сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: сөйлеу уәждемесі мен қарым-қатынасты дамыту; сөйлеудің сенсомоторлық негізін қалыптастыру: есту, тактильді (сипап сезу) қабылдау; сөйлеу-есту зейіні мен жады; кинестетикалық және динамикалық қол мен артикуляциялық праксис, фонематикалық есту; сөйлеуді түсінуді дамыту: күнделікті тұрмыстағы жекелеген заттық ұғым, іс-әрекеттерді және сөздік өтініштерді түсіну; белсенді сөйлеуді дамыту: 1) дыбыстарды, дыбысқа еліктеулерді шығару (қою); 2) 1-3 сыныптағы буындық құрылымдағы сөздердің айтылуын қалыптастыру; 3) сөздік қорды кеңейту:

күнделікті тұрмыстағы жекелеген заттық ұғым мен іс-әрекеттер; 4) 1-2 сөзден тұратын фразалар құрастыру; 5) грамматикалық құрылымды қалыптастыру: сөз өзгерту дағдылары — зат есімдердің табыс және жатыс септіктері мен көпше түрлерін қалыптастыру.

7-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасының бірінші кезеңі. Кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері. Бірінші кезеңдегі педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен бірінші кезеңде жүргізілетін бағыттар бойынша түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдерін сипаттау: 1) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту; 2) сөйлеу тілін түсінуді дамыту: табыс және жатыс септігіндегі сөздер мен сұрақтарды, қысқа фразаларды түсіну; 3) белсенді сөйлеу тілін дамыту: 1) дыбыстарды қою, 2) 3-4 сыныптың буын құрылымындағы сөздерді айту; 3) нақты лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорды кеңейту; 4) грамматикалық құрылымды қалыптастыру: сөз түрлендіру дағдылары; 5) 2-4 сөзден тұратын фразалар құрастыру; 5) ұсақ және артикуляциялық моториканы, фонематикалық естуді, сөйлеу-есту зейіні мен жадын дамыту.

8-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасының екінші кезеңі

Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері. Екінші кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері. Кезеңдегі педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен екінші кезеңде жүргізілетін, дамытуға немесе қалыптастыруға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдерін сипаттау: 1) сөйлеу қарым-қатынасы дағдылары; 2) фонематикалық есту; 3) сөйлеу тілін түсіну: зат есім, етістік, сын есімдердің мағынасын және грамматикалық формаларды түсіну; 4) фразалық сөйлеу; 5) байланыстырып сөйлеу. Белсенді сөйлеу тілін дамыту: 1) дыбыстың айтылуын және 4-5 сыныптың буын құрылымындағы сөздерді қалыптастыру; 2) сөздік қорды кеңейту; 3) грамматикалық құрылым: барыс (Кімге? Неге?) және көмектес (Кіммен? Немен?) септіктерінің сұрақтарын түсіну; 4) үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер, қысқа мәтін құрастыру дағдысы; 5) психикалық функцияларды дамыту: есту арқылы қабылдауы мен зейіні, ұсақ және артикуляциялық моторика, сөйлеу-есту жады, іс-әрекетті сөйлеу арқылы реттеу және сөйлеу-есту бақылауы.

9-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасының үшінші кезеңі

Үшінші кезеңде сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері. Кезеңдегі педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен үшінші кезеңде жүргізілетін, келесі бағыттарды дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-

тәсілдерін сипаттау: 1) сөйлеу қарым-қатынасы дағдылары; 2) фонематикалық есту; 3) сөйлеу тілін түсіну: зат есім, етістік, сын есімдердің мағынасын және грамматикалық формаларын түсіну; 4) фразалық сөйлеу; 5) байланыстырып сөйлеу. Белсенді сөйлеу тілін дамыту: 1) дыбыстың айтылуын және 6-7 сыныптың буын құрылымындағы сөздерді қалыптастыру; 2) сөздік қорды кеңейту; 3) грамматикалық құрылымын түрлендіру дағдылары: зат есімдерді септелуі (ілік септігі) және тәуелденуі бойынша, ал етістіктерді жақтар мен шақтар (осы шақ пен өткен шақ) бойынша түрлендіру; 4) жалғаулар мен грамматикалық формаларды қолдана отырып, төрт-бес сөзден тұратын фразалар құрау; 5) байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; 6) психикалық функцияларды дамыту: есту арқылы қабылдауы мен зейіні, ұсақ және артикуляциялық моторика, сөйлеу-есту жады, іс-әрекетті сөйлеу арқылы реттеу және сөйлеу-есту бақылауы.

10-тақырып. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасының төртінші кезеңі

Төртінші кезеңде сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері. Кезеңдегі педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалармен төртінші кезеңде жүргізілетін, келесі бағыттарды дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдерін сипаттау: 1) сөйлеу қарым-қатынасы дағдылары; 2) фонематикалық есту; 3) сөйлеу тілін түсіну: зат есім, етістік, сын есімдердің мағынасын және грамматикалық формаларын түсіну; 4) фразалық сөйлеу; 5) байланыстырып сөйлеу. Белсенді сөйлеу тілін дамыту: 1) дыбыстың айтылуын және сөздің буындық құрамын дұрыс қалыптастыру; 2) сөздік қорды кеңейту; 3) грамматикалық құрылымы: зат есімдер мен сын есімдер, сан есімдердің түрленуі; етістіктердің жақтар мен шақтар бойынша түрленуі; қосымшалар (жұрнақтар мен жалғаулар) арқылы сөз тудыру; 4) бес-алты сөзден тұратын фразалар құрау, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; 5) психикалық функцияларды дамыту: сөйлеу-есту жады, сөздік-логикалық ойлау, іс-әрекетті сөйлеу арқылы реттеу және сөйлеу-есту бақылауы.

11-тақырып. Сөйлеу тілін түзетудің заманауи инновациялық әдістері мен технологиялары. Қозғалыс (кинезиологиялық) терапиясы әдістері: қозғалыс, ми жұмысы және сөйлеу тілі арасындағы байланысқа негізделген әдістер. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (СТЖД/ОНР), дизартрия, алалия, аутистік спектрінің бұзылыстары (АСБ/РАС), интеллект бұзылыстары бар балалардың сөйлеу, когнитивтік және реттеуші функцияларын дамыту үшін кинезиологиялық жаттығуларды қолдану.

Сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалау мен түзетудің нейропсихологиялық әдістері: сөйлеу бұзылыстарының мидағы механизмдерін анықтауға; алғашқы және қайталама сөйлеу бұзылыстарын айқындауға, жекеге бағытталған (адрестік) түзету бағдарламасын құруға бағытталған әдістер. Сөйлеу тілін түсіну мен қалыптастыруда, фонематикалық естуді, лексика-грамматикалық құрылымды, фразалық және байланыстырып сөйлеуді,

артикуляциялық праксисті, сөйлеу-есту және көру жадын дамытуда нейропсихологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану.

Миофункционалдық түзету/терапия әдістері: бет, ерін, тіл және жақ бұлшықеттерінің тонусы мен жұмысын қалыпқа келтіруге бағытталған жаттығулар мен әдістер жүйесі. Дұрыс артикуляцияны қалыптастыру үшін ауыз арқылы тыныс алуды, дұрыс жұтынбауды және тістем (прикус) ақауларын жою тәсілдері. Миогимнастика (артикуляциялық жаттығулар), логопедиялық массаж, вестибулярлық пластинкалар мен трейнерлерді қолдану.

Арнайы дамытушы жабдықтар мен ақпараттық технологияларды қолдана отырып сөйлеу тілін түзетудің заманауи инновациялық әдістері: мультимедиялық бағдарламалар мен оқыту платформалары; интерактивті сөйлеу жаттығулары; визуалды және дыбыстық кері байланысы бар ойындар.

14. Вариативті модуль

12-тақырып. Аутизм және ауыр әрі көптеген бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсету. Аутизмі бар балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдіс-тәсілдері. Сөйлеу қарым-қатынасы (коммуникация) дағдыларын қалыптастыру. Фразалық және байланыстырып сөйлеуді түсінуді дамытудың әдіс-тәсілдері.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту әдіс-тәсілдері. Сөйлеу тілінің дизартриялық бұзылыстарын түзетудің негізгі тәсілдері мен әдістері. Көру және есту қабілеті бұзылған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

15. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

16. Оқыту дәстүрлі күндізгі немесе қашықтан (онлайн), аралас оқыту форматында жүзеге асырылады. Аралас оқыту 2 кезеңде іске асады: қашықтан оқыту - 40 сағат, күндізгі оқыту - 40 сағат.

17. Білім беру процесі оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар; өздік практикалық жұмыс (білім беру қажеттіліктерін бағалау, нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес логопедиялық қорытындылар (мінездемелер) мен жеке дамыту бағдарламаларын құрастыру); топтық практикалық жұмыс; шеберлік сабақтары (логопедиялық тексеру мен сабақтарды өткізу); кейс-әдісі (сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары бар балаларды логопедиялық тексеру нәтижелері мен өткізілген сабақтарды талдау); тренинг (логопедиялық әдіс-тәсілдерді пысықтау); логопедтердің кәсіби іс-әрекетіндегі өзекті мәселелер бойынша ұжымдық тренинг.

18. Тындаушылардың Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін келесі шаралар қарастырылған: әр дәрістен кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру түріндегі кері байланыс; балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстар бойынша бейнематериалдарды көрсету; өздік практикалық жұмыс нәтижелерін бірлесе талқылау; ұжымдық жұмыстарды

таныстыру (презентация), талқылау және рефлексия жасау арқылы топтық жұмыс түрлерін кеңінен қолдану; логопедтердің командалық жұмыс тренингі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
2) ППТК және ОО логопедінің іс-әрекетін ұйымдастырушы және жұмыс мазмұнын ашатын құжаттар пакеті: түзету сабақтарының оқу жоспары; арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтер шеңберіндегі көмек түрлері; жұмыс мазмұнын ашатын құжаттар: жеке дамыту бағдарламалары; баланың түзету сабақтары басталған кездегі жай-күйі (балаға мінездеме); түзету-дамыту бағдарламасының мазмұны: дамыту жұмысының бағыттары; дамыту жұмысының әдістері, әдістемелері, тәсілдері мен құралдары.

3) нәтижелерді талдауға және логопедиялық тексеруге арналған үлестірме материалдар. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасы негізінде жеке дамыту бағдарламасын құрастыру процесін бейнелейтін үлестірме материалдар;

4) түзету-дамыту жұмысының әрбір кезеңіндегі сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған жеке дамыту бағдарламаларының үлгілері;

5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өздік жұмыс материалдары;

6) сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары кезіндегі логопедиялық жұмыстың әдістері, әдістемелері мен алгоритмі бойынша мәтіндер, бейнематериалдар, әдістемелік ұсынымдар түріндегі ресурстық материалдар; әртүрлі санаттағы мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының әдістері, формалары мен тәсілдері (тактикасы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

20. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өздік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне енгізілген.

21. Тыңдаушылардың білімін бақылау, бағалау ағымдағы және қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау аралық бақылау жүргізу, сондай-ақ білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол әрбір тақырып бойынша негізгі сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру (өзін-өзі тексеру тапсырмалары), сондай-ақ практикалық тапсырмаларды орындау: сөйлеу тілінің бұзылысы бар балаға логопедиялық қорытынды мен жеке дамыту бағдарламасын, түзету-дамыту бағдарламасының барлық кезеңдеріндегі дамыту жұмысының алгоритмі

мен мазмұнын құрастыру, әртүрлі сөйлеу бұзылыстарын жою бойынша әдістер мен технологияларды қолдану. Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын бақылайды, тыңдаушы жұмысының сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Бағалау әрбір тақырып бойынша ашық сұрақтарға жауап беру түрінде жүргізіледі, бұл курста алынған ақпаратты түсінгенін және терминологияны дұрыс қолданылуын бақылауға мүмкіндік береді. Жетістіктерді бағалау үшін модульде оқытылатын әрбір тақырыпқа 2 сұрақтан келетін сұрақтар банкі әзірленген. Әр сұрақтың тексеруге және өзін-өзі тексеруге арналған жауап эталоны бар. Жауаптың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады. Қате жауап – 0 балл, толық емес жауап – 1 балл, дұрыс және толық жауап – 2 балл деп бағаланады. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 20 балл (50%) жиналған жағдайда есептелді деп саналады.

Қорытынды бақылау жұмысының орындалуы келесі критерийлерге сәйкес бағаланады: іске асырылмады (дұрыс жауаптар ұсынылмаған), ішінара іске асырылды (дұрыс жауаптар 50%-дан кем), орташа деңгейден жоғары іске асырылды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толық іске асырылды (дұрыс жауаптар 70-100%). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсына аяқтау үшін кемінде 70% дұрыс жауап жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңіндегі консультациялардың мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды іске асырудың түрлері:

1) курстан кейінгі тәжірибеде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың жеке траекториясының жоспарын құрастыру (курстың соңғы күнінде «Курстан кейінгі практикада педагогтің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың жеке траекториясын жоспарлауға арналған іс-шаралар тізбесі» негізінде құрылады және оқытушымен келісіледі);

2) курста алынған ақпаратты өз тәжірибесіне енгізуді таныстыру бойынша вебинарлар;

3) жеке және топтық онлайн-консультациялар;

4) мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік сүйемелдеу;

5) өз тәжірибесін өзгерту және сабақты зерттеу нәтижелері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыру.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды іске асыру үшін Zoom платформасын, электрондық поштаны, мобильді байланысты және әлеуметтік желілерді пайдалану жоспарлануда.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. «Сапалы білім» «Білімді ұлт» ұлттық жобасын бекіту туралы (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі): Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңы.

4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

5. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

6. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы.

8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығының редакциясында).

9. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы.

10. Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының редакциясында).

11. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығының редакциясында).

12. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы.

13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 77 бұйрығының редакциясында).

14. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. 2-қосымша. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

15. «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. 2-қосымша. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

14. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. 2-қосымша. Сөйлеу тілі дамымаған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

15. «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. 2-қосымша. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

16. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзету-дамыту бағдарламасы – Алматы: АИБД ҰҒПО (Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы), 2021.

17 Организационно-методические основы междисциплинарной командной оценки и индивидуально-развивающих программ для детей с ограниченными возможностями/авт-сост. Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2022 [электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

18 Жукова Н.С. и др. Логопедия. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников: Кн. для логопеда /Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, Т.Б. Филичева. — Екатеринбург: Изд-во АРД ЛТД, 1998.

19 Методы обследования речи: Пособие по диагностике речевых нарушений / Под общ. Ред. проф. Г.В. Чиркиной. — М.: АРКТИ, 3-е изд. доп., 2003.

20 Воробьева В.К. Методика развития связной речи у детей с системным недоразвитием речи: учеб. пособие. — М., 2006.

21 Н.Н. Баль, Н.В. Дроздова Логопедическая работа с детьми дошкольного возраста с тяжелыми нарушениями речи. - Мн., 2010.

22 Филичева, Т. Б. Коррекция нарушений речи. Программы для дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида [Текст] / Т. Б. Филичева, Г. В. Чиркина, Т. В. Туманова. — М. : Просвещение, 2010.

23 Коррекция нарушений речи у старших дошкольников с ОНР : метод. пособие / сост. Е. В. Абраменко, В. С. Васильева. — 2015.

24 Соловьева Л. Г. Логопедия: учебник и практикум для СПО— М.: Юрайт, 2019.

25 Нуриева, Л.Г. Развитие речи у аутичных детей: метод. разработ. / Л. Г. Нуриева- Изд. 2-е.- М., 2006.

26 Танцюра С.Ю., Кайдан И.Н Формирование речи у детей с аутизмом: рекомендации для специалистов и родителей - М., 2022.

Қосымша әдебиеттер тізімі

27 Специальная педагогика. Учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. Н.М. Назаровой. – М., 2000.

28 Волкова Г.А. Психолого-логопедическое исследование детей с нарушениями речи. – СПб., 1993.

29 Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Коррекция общего недоразвития речи у дошкольников (формирование лексики и грамматического строя). – СПб., 1999.

30 Калягин В.А. Овчинникова Т.С. Логопсихология. – М., 2006.

31 А.В. Семенович. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте: Учеб. пособие для высш.учеб.заведений – М., 2002.

32 Семенович А.В. Нейропсихологическая коррекция в детском возрасте. Метод замещающего онтогенеза.М.2015г.

33 Деннисон П., Деннисон Г. Программа «Гимнастика мозга». Часть 1-2. - М., 1997.